

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, №4 (1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, №4 (1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМАДАҒЫ ӨТЕМІС ҚАЖЫНЫҢ «ШЫҢҒЫСНАМАСЫ»

Шашаев А.К.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы)

Тарих ғылымдарының кандидаты

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада XIII–XVI ғасырлардағы Дешті Қыпшақ көшпелілерінің тарихи білімі мен далалық ауызша тарихнамасы қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде XVI ғасырдың бірінші жартысында Ілбарыс ханның қызметінде болған Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» еңбегі алынған. Бұл шығарма Жошы ұлысы халқының, Шыңғыс хан ұрпақтары мен Дешті Қыпшақ тайпаларының ауызша тарихи әңгімелері негізінде жазылып, көшпелілердің ауызша дәстүрін хатқа түсірген бірегей дереккөз болып табылады. Мақалада аталған еңбектегі түрлі дәуірлердің тарихи мәліметтері мен осы мәселеге қатысты кейінгі кезең зерттеушілерінің (атап айтқанда, В. П. Юдиннің) тұжырымдары талданады.

Түйін сөздер: Дешті Қыпшақ, көшпелілердің тарихи білімі, далалық ауызша тарихнама, Өтеміс қажы, «Шыңғыс наме», Жошы ұлысы, Шыңғыс хан ұрпақтары, В. П. Юдин, XVI ғасыр.

«ЧИНГИС-НАМЕ» УТЕМИШ-ХАДЖИ В СТЕПНОЙ УСТНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Шашаев А.К.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы)

Кандидат исторических наук

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются исторические знания кочевников Дешт-и Кыпчака и особенности степной устной историографии XIII–XVI вв. Исследование проведено на примере труда «Чингис-наме» Утемиш-хаджи, написанного в первой половине XVI века. Данное сочинение, составленное на основе устных преданий Чингизидов и племен Дешт-и Кыпчака, представляет собой уникальный сборник исторических рассказов населения Джучиева улуса. В статье анализируются фрагменты исторических данных разных эпох, зафиксированные в труде, а также мнения исследователей позднего периода (в частности, В. П. Юдина) касательно эволюции степной устной исторической традиции послемонгольского периода.

Ключевые слова: Дешт-и Кыпчак, исторические знания кочевников, степная устная историография, Утемиш-хаджи, «Чингис-наме», Джучиев улус, Чингизиды, В. П. Юдин, XVI век.

«CHINGIS-NAME» BY UTEMISH HAJI IN STEPPE ORAL HISTORIOGRAPHY

Shashayev A.K.

Institute of History and Ethnology named after. C.H. Valikhanova (Kazakhstan, Almaty)

Candidate of Historical Sciences

E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

Abstract. The article examines the historical knowledge of the Dasht-i Qipchaq nomads and the peculiarities of the steppe oral historiography of the 13th–16th centuries. The study is conducted on the example of the work "Chingis-name" by Utemish Haji, written in the first half of the 16th century. Compiled on the basis of the oral traditions of the Chingisids and the tribes of Dasht-i Qipchaq, this work represents a unique collection of historical narratives of the Jochid Ulus population. The article analyzes fragments of historical data from different eras recorded in the book, as well as the views of later researchers (specifically, V. P. Yudin) regarding the evolution of the steppe oral historical tradition in the post-Mongol period.

Keywords: Dasht-i Qipchaq, historical knowledge of nomads, steppe oral historiography, Utemish Haji, "Chingis-name", Jochid Ulus, Chingisids, V. P. Yudin, 16th century.

Кіріспе

Бұл мақалада,ықпалды отбасыдан шыққан, Ильбарыс ханның қызметінде болған (918/1512 – 931/1558 жж.) Маулан Мұхаммед Достың ұлы Өтеміс қажының, «Шыңғыс нама» кітабы негізінде Дәшті Қыпшақ көшпенділері тарихи білімінің далалық ауызша тарихнама түріндегі көрінісін қарастыру көзделген. Кітаптың мәтіні Еш сұлтанның тапсырмасымен, XVI ғасырдың бірінші жартысында құрастырылған. Далалық ауызша тарихнама көшпенділердің жалпы білімінен өзіндік бір салаға монғолдық кезеңнен кейін ғана бөлініп шыққан еді. Өтеміс қажының «Шыңғыс намасы» Жошы ұлысы тұрғындарының тарихи білімі, естеліктері негізінде құрастырылған «жеке бөлімшелерден» тұратын тарихи әңгімелердің жинағы болып табылады. «Шыңғыс нама» Шыңғыс әулеті мен Дәшті Қыпшақ тайпаларының – Шыңғыс хан туралы, оның ұрпақтары, еуразия даласындағы тайпалар мен рулар туралы мәліметтер береді, яғни, еңбекте көшпенділердің ауызша тарихи білімі нақты көрініс тапқан. В.П. Юдиннің атап өткені бойынша бұл шығармада далалық ауызша тарих дәстүрі XVI ғасырда қалай болса, яғни, Шыңғыс дәуірінен үш ғасыр өтсе де дәл сол қалпында тіркелген. Мақалада әр кезеңдерде көрініс тапқан тарихи мәліметтерден үзінді беріліп, сол туралы кейінгі зерттеушілердің де пікірі берілген.

Тарих ғылымында жетекші методологиялық қағидалар бірнеше рет өзгеріп отырған және олардың алмасуы объективті ақиқатқа жақындаудың жаңа сатысына шығуымен айқындалатын. Бірақта жетекші болудан қалғанымен бұл қағидалар ғылым қорынан мүлдем жоғалып кетпейтін, кейде олар жаңа қосалқы орынға ие болатын.

Тарихтың «Өнегелік-өсиеттік» (тәрбиелеушілік) рөлі, ХҮІ-ХҮІІІ ғғ. үстем болып, кейіннен жоғалды. Тарихтың тәрбиелік және білім беретін міндеті енді басқа мазмұнға ие болды және де тарихи білім құрылымында басқа сапаға көшті, бірақта өткенді зерттеудегі қоғамдық қызметінен «кеткен» жоқ.

Шығыстанушы ғалымдардың көптеген жылдарға созылған зерттеулері нәтижесінде Қазақ даласының ХІҮ ғ. тарихына қатысы бар шығыс жазба деректері арасында ерекше бір сыныптау тобына жатқызуға болатындары анықталған еді. Бұған Алтын Орда мен оның ыдырауынан кейін пайда болған мемлекеттер туралы далалық ауызша тарихнаманы бізге дейін жеткізген шығармаларды жатқызамыз. Осы «далалық ауызша тарихнама» (кейіннен «далалық ауызша тарихи білім (ілім)» деп түзетілген) түсінігін әйгілі қазақстандық шығыстанушы В.П. Юдин ғылыми айналымға қосқан болатын [1]. Бұл жерде «ауызша тарихнама» термині Дешті Қыпшақ көшпенділерінің ауызша тарихы ілімінің көрінісі ретінде пайдаланылған.

Міне, осындай деректерге Мұхаммед-Шайбани хандікі делінетін «Таварих-и-гузида-йи нусрат-наме»(ХҮІ ғ. басы, Орта Азия); Қадырғали Жалайридың «Жылнамалар жинағы» (ХҮІІ ғ. Қасымов қаласы); Әбілғазының «Түрік шежіресі» (ХҮІІ ғ. Хиуа қ.) және т.б. жатқызады.

Қазақ даласындағы ХІҮ ғасырдағы саяси оқиғаларды қарастырғанда ерекше маңызды орынға шығатын шығармалардың бірі Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» болып табылады. Расында да «Шыңғыснама» түркі тілінде жазыла отырып, көптеген атаулар мен терминдердің түп нұсқалық негізде бізге жетуіне, оның бұрмаланбауына мүмкіндік берген. Сонымен қатар, шығармада Шығыс Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тұрмыс-тіршілігі, әскери ісі, музыкасы, шаруашылығы және де басқа өмірлерінің қырлары туралы құнды мәліметтер келтірілген.

Далалық ауызша тарихи ілімнің (тарихнаманың) көрінісі болып табылатын «Шыңғыснама» әлі күнге тарихшылар тарапынан назардан тыс қалып келеді. Орта ғасырлық тарихтағы өзіндік ерекше орны бар Алтын Орда, Ақ Орда кезеңін зерттеуде Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» аса маңызды және неғұрлым шындыққа жанасымды мәлімет көзі бола алады.

Далалық ауызша тарихнама – бүкіл Евразия халықтарының ауызша тарихнамасында ғана кездесетін жеке жағдай. Ал ауызша тарихнамаға келер болсақ, ол өз кезегінде әлем халықтары ауызша тарихнамасының бір бөлігі болып табылады. Міне, сондықтан да, ауызша тарихнаманы – қоғамдағы тарихнаманың даму барысындағы әмбебап, белгілі бір кезеңдік-типологиялық ғажайып құбылыс деп айтуымызға болады.

Ғылымның тарихын зерттеу барысында, тарих ғылымының жағдайына тікелей немесе жанама әсер ететін объективтік жағдайлардың кешенін, соның ішінде жанама ғылымдардың дамуын және, тіпті, кеңірек ғылымның даму деңгейін бүтіндей алуды есте ұстауымыз керек. Әртүрлі ғылымдардың өзара әсерінің мысалын, зерттеу тәсілін көптеп келтіруге болады, дәл осындай тарих ғылымының тарихы бұдан тыс қала алмайды.

Міне сондықтан да, далалық ауызша тарихи ілім өзіндік бір ерекше дерек көзі ретінде көрініс береді, кейбір жағдайда таптырмайтын құнды мәліметтерді алға тарта отырып, өзінің өткен өмір туралы айтатын субъектінің (тұлғаның) жады (естелігі) болып табылады. Ортағасырлық Қазақстан тарихын тек осы екі тарихнаманы – кәдімгі және жазба, яғни отырықшы халық мәдениетінің өнімі мен далалық ауызша тарихи білімді қатар пайдаланғанда ғана қалпына келтіре аламыз.

Ш. Уәлиханов қазақтардың ауызша тарихты сақтай білу қабілеті туралы: «Ата-бабаларының ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға дегенде халықтың сүйіспеншілігінде шек жоқ, соншалықты мол мұраны ауыздан-ауызға жазбасыз, баспасыз, алып даланың бір шетінен екінші шетіне жеткізіп, ғасырлар бойы ойда сақтау, олардың суырып салма ғажап қабілетінің көрініс болса керек» деп сүйсіне жазады [2].

Қазақтың әрбір рубасылары өз ру-тайпасының шежірелерін: шығу тегін, елдің әдет-ғұрып ережелерін, көне заңдарын, халықтың басынан өткен тарихи оқиғаларын, аңыз-әфсаналарын, мақал-мәтелдерін, ұлағатты сөздерін, келесі ұрпаққа, шешен-шежіреші ақсақалдары арқылы жеткізуді ойластырылғанын да Ш.Уәлиханов атап өтеді.

Құрбанғали Халид «Тауарих-и хамса-йи шархи»(Шығыстың бес елінің тарихы) деген еңбегінде: «... бабаларының сөздерін зейінмен тыңдап ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып әр мәжілісте, әр жиын-отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, нассабшыларына шежіреші деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешінің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған» деп, жоғарыдағы сөздерді дәлелдей түседі[3].

Өткенді танып-білмектік және бұл танудың әртүрлі формалары – өткеніміз жайындағы бейнелі түсінік, көркем әдебиет пен баяндаудың барлық түрлері мен жанрлары: ауызша және жазбаша әңгіме, естеліктер, шешендік өсиеттер, оларға арқау болған тарихи оқиғалар мәліметтерінің шынайылығы белгілі дәрежеде тарихи мұра болып табылады.

Өткенді танудың әртүрлі тәсілдері мен құралдарының маңыздылығы күмән туғызбайды: арнайы зерттеудің нәтижелері тарихшылардың негізгі тұжырым жасауына жол ашады.

Тарихнама пәнінің дамуы, тарихнамалық мәселелерді зерттеудің кеңеюін және бүтіндей тереңдеу үрдісін, тарихнама ғылымының (немесе тарих ғылымының тарихнамалық саласының) тұрақты қозғалу үрдісін көрсетеді. Неғұрлым алға басқан сайын, зерттеу нысаны (немесе, дәлірек айтқанда зерттеу нысандары) бір мезгілде тереңдей және кеңейе түседі; қазіргі кезде жинақталған тәжірибе мен оның теориялық негіздемесі көптеген нысандардың басын қосып, тарихнама түсінігі арқылы зерттеуге ұмтылады.

Міне, сондықтан да өткен тарихымызды жеткілікті ұғыну үшін, әр кезеңнің өзіне тән тарихи ілімнің жиынтығына ерекше мән бергеніміз аса қажет. Бұл сол кезеңдегі тарихи ойдың дамуы мен шынайылығын, ақиқатын ажырату үшін, салыстырмалы түрде қарастыру үшін, мәні мен мазмұнын айқындау үшін де маңызды болып табылады. Ал оны зерттеуде тиімді методологиялық қағидаларды пайдаланғанда ғана белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жоғарыда атап өткен Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» ауызша, елдің есінде қалған мәліметтер негізінде жазылған, В.В. Бартольдтың айтуы бойынша: Ол (Өтеміс қажы – Ә.Ш.) тарихи шығармалардан кейбір хандардың ғана атын тапты, тіпті олардың хандық құру жылдары туралы мәліметтері жұтаң еді, көптеген хандар өз атымен де аталмаған екен. Сондықтан да ол (Өтеміс қажы – Ә.Ш.) білімді адамдардан ауызша өткен заман туралы мәліметтер жинай бастады. Келе-келе ол аңыз-дастандардың білгірі ретінде таныла бастады ...» [4].

Өтеміс қажы, тірнектеп жинаған материалдарын сүзбеден өткізіп барып қана пайдаға жарататын. Бұл туралы Өтеміс қажы: «Нә іш бірлэ вэ нэ кәйфійәт бірлэ хан болғанлары мэкүр әрмәс // әрді вэ көпрәкінің атлары һәм мэкүз әрмәс әрді. Чүн маңа даыйәол // әрдә кім фәлан // кіші қары сөзні йахшы білүр тесәләр, әлбәттә андын барыб тәһкік вэ тәфтіш қылур // әрдім вэ әкл тәразусыға мувазіне қылыб мәъкулын хатірімда кізләб намәъкулны // бәр тәрәф қылур әрдім» («Не іс атқарған және қандай хан болғандығы мәшһүр емес // әрі көпшілігінің аты мәшһүр емес еді, соны білмек едім. Сол себепті пәлен деген көне сөзді жақсы білетін шешендерге, әлбетте соларға барып, мақұлын (дұрысын – Ә.Ш.) қаперімде тізбелеп, не мақұлын (дұрыс емесін – Ә.Ш.) бейтарап қалдырушы едім ...») [5].

Міне, осы жерде Өтеміс қажының тура ежелгі грек тарихшысы Геродот сияқты өткеннің тарихи оқиғаларына куә болғандар мен оның естеліктерін жадында сақтап қалған дана қариялардың мәліметтерін жай ғана пайдаланып қоймай, оларды тыңғылықты сүзбеден өткізгені де өз сөзінен айқын байқалады. «Шыңғыснама» авторының баяндауына жүгінсек, оның мәлімет берушілердің арасында, саяхатшылар, мырзалар, ханзадалар, хандар (солардың ішінде Барыс хан да аталады), Сұлтанғазы сұлтанның қызметінде болған хытай тайпасынан шыққан астрахандықтар Хаджы-Нияз бен Баба-Али би және т.б. да аталады.

«Бу һекайәт // ләр, бу сөзләр кі әмді зікр қылум турур, һәзрәт-і хан-і мәғфур вэ мәрһүм – табә // ллаһу сәраһә вэ жәлә-л-жәнәтә мисваһа – һәзрәт Әл-Барсхандын іштіб турур мән // Улар қары сөзіні йахшы білүр әрді» («Бұл хикаяны, бұл сөзді айтып отырғанымды, жаны жаннатта болғыр, марқұм Хазірет ал-Барыс ханнан естіген едім // Ол көне сөзді жақсы білуші еді») [5, 137 б.].

Яғни, Өтеміс қажы деректерді келтіре отырып, оны баяндаған адамның кім екендігін, қандай қызмет атқарғанын және оның берген мәліметіне қаншалықты сенуге болатынына тарихнамалық талдау жасаған.

Бұның тағы бір дәлелі Дост сұлтанның жылнамасы мен дәптеріне берген сілтемесі. Ол Хорезмді бір жыл ғана (964/1557 – 965/1558) билеген Еш сұлтанның ағасы болатын. Енді деректен үзінді келтірейік: «Бәзіләр айтулар: «Һүләгү-хан бу ләшкерінің ішінә //әрді. Бу ләшкәр басылғанда өлді, һеч кіші оның өлгәнідін хәбәрдәр болмады». Әммә һәзірет-і Дост-сұлтанның таваріхләрідә айтуб турулар: Бу ләшкәр//кі, басылыб барды, Ғуссәсіндин хәсте болыб екі айдын соң өлді», – деб // турурлар (Біреулердің айтуы бойынша «Хулагу-хан бұл әскердің ішінде еді. Бұл әскер талқандалғанда өлді, еш кісі оның өлімінен хабардар болмады.

Алайда, Хазірет Дост сұлтанның тарихында былай айтылған: «Талқандалған әскерін ойлап, құса болып, екі айдан кейін өлді») [5, 126 б.].

Өтеміс-қажының Тоғылық-Темірге қатысты келтірген дерегі де Дост-сұлтан дәптерінен алынды делінеді: «Қара-Ноғай Сыр бойында // үч йылдан соң вафәт табты. Інісі Тұғлы-Темур теген // хан болды. Фәхр-і сәлатын һәзірет-і Дост-сұлтандақы дәфтәрдә // айтыб әрді: Бу Тұғлы-Темур улуғ падшаһ болды, Сәмәрқандә-Бухараға/һәкм қылуғ әрді. Әммә мүддәт-і падшалықы мәълум әрмәс. Андын соң // Бадық-оғлан оғлы Урус хан болды. Бу Урус-хан улуғ/падшаһ болды. Тәмамі Түркістан виләйтләріға һәкм қылуғ әрді» («Қара-Ноғай Сыр бойында үш жыл патшалық құрды, Түркістан уәйлатына билік етті. Үш жылдан соң опат болды. Інісі Тоғлы-Темір деген хан болды. Құрмет тұтатын Хазірет Дост-сұлтанның дәптерінде айтылған: «Бұл Тоғлы-Темір ұлы патша болды, Самарқанд және Бұқараға билік етті. Барлық патшалық мерзімі мәлім емес. Одан соң, Бадық оғланның ұлы Урус хан болды. Бұл Урус хан ұлы патша болды. Барлық Түркістан уәлаятына билік иетті») [5, 127 б.].

Әрине, Өтеміс қажының Дост сұлтан дәптерінен алынды деген деректеріндегі аталған хандардың тарихта болғандығы, олардың қазіргі кезде тыңғылықты зерттеліп жатқандығы баршамызға мәлім. Сондықтан да «Шыңғыснама» мәліметтерінің құндылығы осында болса керек. Олай болса, Өтеміс қажының ортағасырдағы өзі сезінбесе де тарихи ойларды, шығармаларды жинақтап «Шыңғыснамада» баяндауының өзі ауызша тарихнаманың бастауында тұрғандығын көрсетеді. Яғни В.П. Юдиннің анықтамасы бойынша далалық ауызша тарихнаманың (ауызша тарихи ілім) көрнекті өкілі болды. Өтеміс қажы еңбегінің «Ежен – хан, Сайын – хан» тарауындағы осы хандардың тарихилығы туралы Монғол дәуіріндегі Қазақстан тарихының аса білгір маманы, профессор З. Қинаятұлы: «Монғол жылнамаларында ол «Ord» немесе «Ordana» деп жазылады. Қазақ арасында Орда Ежен деп ұлықталған. Орда оның өз аты да, «Ежен» – «Ел иесі» деген мағына беретін монғол сөзінен алынған. Қазақтар Орда Еженді олай ұлықтауының жөні мынада. Біріншіден, ол қазақ даласында (Ертісте) әкесі көтерген Ақ Орданың қара шаңырағына ие болып қалды. Екіншіден, оның өз кіндігінен қазақ хан ұрпақтары тарайды» деп атап өтеді [6].

Ал осы «далалық ауызша тарихнама» дегеніміз – Шығыс Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тарихи білімі, ол монғол кезеңінің соңына таман көшпенділердің жалпы білімінен бөлініп шығып ерекше бір салаға айналған. Міне, сондықтан да, осы себептен, ол «ауызша дәстүр» деген терминмен немесе «аңыз-әфсаналар» деген сөзбен де анықталмайды. В.П. Юдиннің пікірі бойынша, ол далалық ауызша тарихнама не мифология, не фольклорға, мысалы батырлық эпосына жатқызыла алмайды, өйткені фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан сусындайды [1, 64 б.].

Бұл шығарманы далалық ауызша тарихнаманың дерегі деп көрсетуге болады. Ол Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тарихи білімінің бөліктерден құралған тарихи әңгімелерінің жиынтығынан тұратын тарихи ойды білдіреді. Бұл «әңгіме-бөліктердің» өзіне тән аты болды: «кәрі сөз», «көне, ескі сөз», «ежелгі, ертедегі әңгіме». Міне сондықтан да ол кәдуілгі шығыстың сарай бай-қуаттыларының тарихнамасы мен басқа да тарихнамалардан ерекшеленеді. Оларда дәл осы далалық ауызша тарихнама белгілері мен шығыс жазба тарихнамасы әр жағынан астасып жатады.

Көп жағдайда ауызша тарихнамалық мәліметтері тарих ғылымында жазбаша тарихнама деректерінен ара жігі ажыратылмай-ақ пайдаланыла береді. Олардың мысалы көп, соларың бірі монғолдардың ауызша тарихнамасы: «Құпия шежіре» – жазбаша берілген. Сонымен қатар Му'ин ад-Дин Натанзидің «Мун-тахаб ат-таварих и Му'ини» немесе «Аноним Искандара» шығармасында ауызша және жазбаша тарихнаманың араласып кеткендігі соншама, бұл шығыстанушылар үшін едәуір қиындықтар тудырды.

«Шыңғыснама» Шыңғыс ұрпақтары мен Дешті-Қыпшақ тайпаларының Шыңғысхан туралы, оның мұрагерлері және Еуразия далаларындағы ру-тайпалар туралы әңгімелері негізінде жазылған, яғни онда көшпелілердің ауызша тарихи білімі жазбаша түрде берілген.

В.П. Юдиннің пікірі бойынша, Өтеміс қажы жазба деректерді пайдаланбады деуге болады. Бұл шығармада далалық ауызша тарихи дәстүр ХҮІ ғ. қандай болса, дәл сол қалпында сақталған, яғни Шыңғысхан уақытынан үш ғасыр өткеніне қарамастан [1, 24 б.].

«Шыңғыснама» – өзіндік бір ерекше тарихи еңбек қана емес, шайбанилық үлгідегі «Шыңғысшылдық» идеологияның ескерткіші болып табылады, сонысымен де ол біз үшін құнды. «Шыңғыснама» мәліметтері Ақ, Көк және Алтын Орда тарихына байланысты мәселелерді шешуде де ерекше орынға ие болады.

В.П. Юдин оның маңызы туралы: «Дәл осындай әлі күнге қолданылмай жүрген Ақ, Көк және Алтын Ордалар тарихы бойынша дерек – «Шыңғыснама» («Шыңғыстың кітабы»), Хорезмде Өтеміс қажы ибн Маулан Мұхаммед Дост ХҮІ ғасырда жазылған түркі тіліндегі тарихи шығармасы болып табылады» [1, 25 б.]. Дегенмен, Өтеміс қажының Ақ, Көк және Боз (сұр) Ордасы туралы кезінде В.В. Бартольд [4, 165 б.] атай кеткенімен, бірақ ол оны Ақ және Көк Орда мәселелерімен байланыстырмады және талдаған жоқ. Ол тіпті Боз ордаға еш мән де берген емес. Бұл мәліметтер кейінгі зерттеушілердің де назарынан тыс қалып, зерттеулерде пайдаланылмай келеді.

Ақ Орда мен Көк Орда туралы мәліметтер «Шыңғыснаманың» «Ежен хан, Сайын хан» деген бөлімінде айтылған. Жошы өлімінен кейінгі ұлыс билігін кім қолына алады деген мәселені Өтеміс қажы ағасы Ежен мен інісі Сайын (Бату) арасындағы сұхбат(диалог) арқылы бере отырып, аға мен інісі арасындағы нәзік сыйластықты дәл көрсете білген. Ақыр соңында екеуі де Шыңғысханға жүгінуді қолдайды: «Бір анадан туған екі оғул вә өзгә анадан туған он//йеті оғыл барчасы қошулуб Улуғ-хан көрінүшніге бардылар // Булар кі ханның хізмәтігә йетішділдәр, хан буларға үч өргә салды//Алтун босағалы ақ өргән Сайын ханға салды, күмүш босағалы // көк орданы Еженге салды, болат босағалы боз орданы // Шәйбәнға салды» («Бір анадан туған екі ұл мен өзге анадан туған он жеті ұл баршасы қосылып ұлы ханның қабылдауына барды // Бұлар ханның қызметіне жеткен кезде, хан бұларға үш үй (орда үй) тікті // Алтын босағалы ақ үйді (өргә) – Сайын ханға, күміс босағалы Көк Орданы – Еженге, болат босағалы боз орданы – Шайбанға тікті») [5, 121 б.].

3.Қинаятұлы «Шыңғыснамаға»сілтеме жасай отырып, «Мұнда қара шаңырақтың иесі кім екендігі айқын көрініп тұр. Баты отау тігіп жат жұрт болып батысқа аттанады да, Орда Ежен үлкен үйдің (улуғ үй) шаңырағын басып қала берген» деп, ағасы Орда Ежен мен інісі Бату арасындағы мәмлениң төркінін ашып көрсетеді[6, 20 б.].

Шыңғысхан ұрпақтары арасындағы әлеуметтік тартыстың да көріністері Өтеміс қажының баяндауларынан тыс қалмаған. Шайбанханның ұлдарының Тоқтамыс хан, Темір-Құтлық және Орыс хан ұлдары алдында өздерін мақтанышпен, жоғары ұстайтындығын келтіреді: «Біз сізләрдің артук туру біз»...улуғ бабамыз Чіңгізхан ...біздің атамыз Шәйбән-ханға өргә//салды. Сізләрнің аталарыңызға тәләгән һәм салмады», – тейүрләр («Біз сіздерден артық тұрамыз. ... ұлы бабамыз Шыңғысхан біздің атамыз Шайбанханға үй тікті. Сіздердің аталарыңызға күймелі күрке де тікпеді» – деуші еді) [5, 122. б.].

Боз Орда туралы «Шыңғыснамадағы» мәліметтер ХҮІ ғасырда ойдан шығарылмаса керек. Өйткені Өтеміс қажы «Шыңғыснамада» осы әңгіменің Дешті-Қыпшақ тайпалары (өзбектер арасында делінетін) кең таралғанына үнемі сілтеме жасайды.

Сонымен Өтеміс қажының «Шыңғыснамада» қарастырылып отырған Шығыс Дешті Қыпшақ кезеңінің тарихы – ерекше маңызды болып табылады. Дәл осы кезеңде монғолдардың түріктенуі аяқталған болатын. Орда Ежен ұрпақтары биліктен айырылған соң, Шығыс Дешті Қыпшақты құрамына қосып алған Алтын Орданың қираған кезі; Бату ұрпақтары әулетінің күші жойылған кезі; тарих сахнасына Шайбан және Тоқай Темір ұрпақтарының шыққан кезі; Дешті-Қыпшақ тайпалық топтарының топтасуы және қазіргі – қазақ, татар, башқұрт, қарақалпақ және т.б. халықтардың қалыптасқан кезеңі болып табылады.

Татар ғалымы И.А. Мустакимов өзінің мақаласында («Об одном списке Дафтар-и Чингиз-наме»)[7], Қазан мемлекеттік университетінің Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасының сирек кітаптар қорында сақталған Жошы ұлысына қатысты екі құнды деректің тізімі бар екендігін атап өткен. Ол 40 т. шрифіндегі манускриптте берілген. Қолжазбаның басым бөлігін Қадырғали Жалайыридың «Жылнамалар жинағы»(1-69 бб), ал 70-79 беттерде жоғарыдағы автордың айтуынша XVII ғасырдың соңындағы «Дафтар-и Чингиз наме» деп аталатын татар хроникасының тізімі құрайды. Осы «Дафтардың» құрамына кіретін дастандардың мазмұны «шибаниттік» деп аталатын деректер: Өтеміс қажының «Тарих – и Дост-султан»(1550)(И.А. Мустакимовтың берген атауы – Ә.Ш.), Әбілғазының «Түркі шежіресі»(1665), және «Таварих-и гузида – Нусрат-наме»(1502-1504) мазмұндарымен тығыз астасып жатыр деп көрсетеді. Бір қызығы, Өтеміс қажының «Шыңғыс намасын» ешкімге белгісіз басқа атпен («Тарих – и Дост-султан») бергендігі (сілтемеде Утемиш-хаджи. Чингиз-наме... деп дұрыс бергеніне қарамастан) және татар хроникасы деп көрсеткендігі. Әрине, Өтеміс қажы Дост сұлтанның дафтарына сілтеме жасағанымен өз шығармасын олай атамаған. Мақаладағы деректердің мазмұнына, келтірілген құрылымына қарай отырып оның осы Өтеміс қажының «Шыңғыс намасының» кейінгі XVII ғасырдағы көшірмесі болар деп жобалауға болады. Сондықтан да, осы жерде атап өтетініміз, жалпы Түркілік ортақ құндылықтарымызды әркім өзіне тарта берсе, одан қандай қасиет қалады.

Тоқай-Темір ұрпақтары – қазақ, астрахан, қазан, қырым хандықтары әулеттерін құрған болатын. Қысқаша айтқанда қазақ мемлекеттілігінің тарихын жазғанда дәл осы Өтеміс қажының «Шыңғыснамасының» да берер дерегі мол. Сондықтан да, ондағы мәліметтерді басқа да иран-парсы, түркі, қытай және еуропа саяхатшылары деректерімен қатар пайдаланып, тарихи білімдерді жетілдіре түсуіміз қажет.

Сонымен, ауызша тарихнама жазбаша тарихнамадан ерекшеленетін нысана ретінде көрініс берді және де ұқсастықтарымен қатар өзіне тән қайталанбас сипаттарға да ие. Бұдан шығатын қорытынды ауызша тарихнама өзінің пәні мен зерттеу тәсілі (методикасы) бойынша, жазба тарихнамадан ерекшеленеді. Міне сондықтан да ғалымдар оны (ауызша тарихнаманы – Ә.Ш.) – деректемелік бағыттағы ерекше бір қосымша тарихи пәнге жатқызады.

Ауызша тарихнаманың міндетіне: ауызша тарихнама мәліметтерін жинау, жүйелеу, сыныптау, талдау және оны пайдаланудың қағидаларына дайындау кіруге тиіс. Яғни ол өзіне тән зерттеу тәсілін жасауы керек. Жалпы алғанда осы тарихи қосымша пәннің нәтижесі – далалық ауызша білімді (тарихнаманы) қалпына келтіру мен бүтінге айналдыру.

Біз өз мақсатымызда далалық ауызша тарихнамасының біреуіне ғана жүгіндік. Ал оның көпшілігі зерттеулерде жиі пайдаланылғанымен, тарихи білімнің жеке бір саласы ретінде қарастырылып жүрген жоқ.

Сондықтан да ауызша тарихнаманы зерттеудің тәсілін, тиімді методологиясын жасауға тиістіміз. Бұл, әрине, уақыт еншісінде демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая...//Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1983. – С. 106-165.
2. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. 2-ші басылым. – Алматы: Жазушы, 1985. – 115 б.
3. Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих) Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов.- Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 бет.
4. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Туркестан (летом 1902) // Соч. – М., 1973. Т.8. – С. 164-169.
5. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме/Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992. – 296 с (С. 119.).

6. Қинаятұлы З. Орда Ежен// Отан тарихы. Ғылыми журнал. 2010, № 1(49).- 19 бет.

7. Мустакимов И.А. Об одном списке «Дафтар – и Чингиз – наме» Средневековые тюрко-татарские государства. Сборник статей. Вып.1. – Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2009,- 232с.

МАЗМҰНЫ

Атыгаев Н.А.	
РЕЗА АББАСИ МҰРАЖАЙЫНДАҒЫ СЕФЕВИД КЕЗЕҢІ ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ АСА ҚЫЗЫҚТЫ МИНИАТЮРА ЖАЙЫНДА (ИИР, ТЕГЕРАН)	8
Егізбаева М.Қ.	
ТАТАРЛАР: ЭТНОМӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР	18
Жеңіс Жомарт	
ШЫҢҒЫСХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ ИСЛАМ... 25	
Жубанышов Б.Т.	
ОҒЫЗ ХАН ТУРАЛЫ АҢЫЗДАРДЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ	31
Несіпбаева Ж.Ж.	
«ҰЛТТЫҚ МҰРАҒАТ» БҮГІНГІ ҚАЗАҚСТАН ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ	35
Оразов Р.Е.	
БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ ЖЕТІСУДА	41
Рүстемов С.Қ.	
ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНАН (ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басы)	50
Торланбаева К.Ө.	
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ҚАУЫМДАРДАҒЫ САЯСИ БИЛІКТІН ДАМУЫ	64
Шашаев А.К.	
ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМАДАҒЫ ӨТЕМІС ҚАЖЫНЫҢ «ШЫҢҒЫСНАМАСЫ».....	71
Шашаев А.К.	
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН НАУҚАНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАРДАПТАРЫ	79
Шолк Дина	
1991–1995 ЖЫЛДАРДАҒЫ АҚШ ПЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНУ САЛАСЫНДАҒЫ СӘТТІ СЕРІКТЕСТІГІ	87

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н.А. ОБ ОДНОЙ СВЕРХИНТЕРЕСНОЙ МИНИАТЮРЕ В РУКОПИСИ СЕФЕВИДСКОГО ПЕРИОДА ИЗ МУЗЕЯ РЕЗА АББАСИ (ИРИ, ТЕГЕРАН)	8
Егизбаева М.К. ТАТАРЫ: СВЕДЕНИЯ О ЭТНОКУЛЬТУРЕ.....	18
Женис Жомарт РЕЛИГИОЗНЫЕ ВЗГЛЯДЫ ЧИНГИСХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ И ИСЛАМ	25
Жубанышов Б.Т. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ И МИФОЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ЛЕГЕНД ОБ ОГУЗ- ХАНЕ.....	31
Несипбаева Ж.Ж. «НАЦИОНАЛЬНЫЙ АРХИВ» КАК ИСТОЧНИК СОВРЕМЕННОЙ ДИПЛОМАТИИ КАЗАХСТАНА.....	35
Оразов Р.Е. ВОЕННОПЛЕННЫЕ ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ В СЕМИРЕЧЬЕ	41
Рустемов С.К. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИХ ОТНОШЕНИЙ (конец XIX – начало XX вв.)	50
Торланбаева К.О. РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ВЛАСТИ В КОЧЕВЫХ СООБЩЕСТВАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	64
Шашаев А.К. «ЧИНГИС-НАМЕ» УТЕМИШ-ХАДЖИ В СТЕПНОЙ УСТНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	71
Шашаев А.К. ПОСЛЕДСТВИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА В КАЗАХСТАНЕ	79
Шолк Дина УСПЕШНОЕ ПАРТНЕРСТВО США И КАЗАХСТАНА В ОБЛАСТИ ЯДЕРНОГО РАЗОРУЖЕНИЯ В 1991–1995 годах	87

CONTENTS

Atygayev N.A. ON A HIGHLY INTERESTING MINIATURE IN A SAFEVID PERIOD MANUSCRIPT FROM THE REZA ABBASI MUSEUM (IRI, TEHRAN)	8
Yegizbayeva M.K. TATARS: INFORMATION ON ETHNOCULTURE	18
Zhenis Zhomart THE RELIGIOUS VIEWS OF GENGHIS KHAN AND HIS DESCENDANTS AND ISLAM.....	25
Berik T. Zhubanishov HISTORICAL-CULTURAL AND MYTHOLOGICAL CHARACTER OF THE LEGENDS ABOUT OGHUZ KHAN	31
Nessipbayeva Zh. Zh. «NATIONAL ARCHIVES» AS A SOURCE OF THE CONTEMPORARY DIPLOMACY OF KAZAKHSTAN	35
Orazov R.E. PRISONERS OF THE FIRST WORLD WAR IN SEMIRECHYE.....	41
Rustemov S.K. FROM THE HISTORY OF KAZAKH-TURKISH RELATIONS (Late 19th – Early 20th Centuries)	50
Torlanbayeva Kenzhe SAME QUESTIONS OF THE DEVELOPMENT OF POLITICAL POWER IN NOMAD SOCIETY OF CENTRAL ASIA	64
Shashayev A.K. «CHINGIS-NAME» BY UTEMISH HAJI IN STEPPE ORAL HISTORIOGRAPHY	71
Shashayev A.K. CONSEQUENCES OF THE SOVIET-ERA POLITICAL REPRESSION CAMPAIGN IN KAZAKHSTAN	79
Dena Sholk THE U.S. AND KAZAKHSTAN'S SUCCESSFUL DENUCLEARIZATION PARTNERSHIP BETWEEN 1991 AND 1995	87

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2014. 4 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.
Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.
Жарияланған күні: 30.12.2014.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 7,8.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй